

"Тараз қаласы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2016 жылғы 26 ақпандағы №51-4 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы № 28-5 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 ақпанда № 3720 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 59-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 24.06.2020 № 59-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, Тараз қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Тараз қаласы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2016 жылғы 26 ақпандағы № 51-4 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2974 болып тіркелген, 2016 жылғы 08 сәуірінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасымен бекітілген Тараз қаласы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеудің 7 тармағы 3) тармақшамен және 24, 25 тармақтармен толықтырылсын:

"3) жергілікті атқарушы органдармен келісілген басқа да, ұйымдастырушылар ұсынған, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары.";

"24. Жиналыс, митинг, шеру, пикет, демонстрация өткізу барысында туындаған барлық қосымша шығындар жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдастырушылар арасындағы келісім шарт негізінде өтелуге тиіс.

25. Тараз қаласының алаңдарында және көшелерінде өткізілетін бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар кезде төленетін қосымша өтем ақы шығындары қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

аталған шешімнің қосымшасымен бекітілген Тараз қаласы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу осы шешімнің қосымшасына сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың заңдылық, азаматтар құқығын қорғау, құқылық тәртібі және гендерлік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тараз қалалық
мәслихатының хатшысы*

Б. Құлекеев
Тараз қаласы бойынша
жиналыстар, митингілер,
шерулер, пикеттер мен
демонстрациялар өткізу тәртібін
қосымша реттеуге қосымша

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар Тараз қаласының алаңдарында және көшелерінде өткізілген кезде төленетін қосымша өтем ақының есебі

Өрт сөндіру қызметінің есептік мәліметтері					
№	Қызмет түрі	Тартылатын қызметкерлер саны	Тартылатын техника саны	Кезең	Талап етілетін сома
1	Өрт сөндіру жауынгерлік есебінің кезекшілігі	15 адам	3 бірлік	1 сағат	13024,7 теңге
Жедел медициналық қызмет стансасының есептік мәліметтері					
№	Қызмет түрі	Тартылатын қызметкерлер саны	Тартылатын техника саны	Кезең	Талап етілетін сома
1	Мамандандырылған медициналық көмек бригадасының кезекшілігі	4 адам	1 бірлік	1 сағат 1 шақырым	2864 теңге
Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай–коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің есептік мәліметтері					

№	Қызмет түрі	Тартылатын қызметкерлер саны	Тартылатын техника саны	Кезең	Талап етілетін сома
1	Жасыл желектерге келтірілген залал үшін өтем ақы	1 адам	-	1 сағат 1 м2	1216,55 теңге
2	Аумақты тазалау жұмыстары үшін өтем ақы	1 адам	-	1 сағат 1 м2	1216,55 теңге
Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметінің есептік мәліметтері					
№	Қызмет түрі	Тартылатын қызметкерлер саны	Тартылатын техника саны	Кезең	Талап етілетін сома
1	Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жауынгерлік есебінің кезекшілігі	16 адам	5 бірлік	1 сағат	19880,1 теңге
Энергиямен қамтамасыз ету қызметінің есептік мәліметтері					
№	Қызмет түрі	Тартылатын қызметкерлер саны	Тартылатын техника саны	Кезең	Талап етілетін сома
1	Оқшаулағыш материалды қыздыру аркалы натрий түтік шамдарын ауыстыру	1 адам	20 бірлік	-	160 000 теңге
Жалпы					198 201,9

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар Тараз қаласы аумағындағы ғимараттарда өткізілген кезде төленетін қосымша өтем ақының есебі

Өрт сөндіру қызметінің есептік мәліметтері					
№	Қызмет түрі	Тартылатын қызметкерлер саны	Тартылатын техника саны	Кезең	Талап етілетін сома
1	Өрт сөндіру жауынгерлік есебінің кезекшілігі	15 адам	3 бірлік.	1 сағат	13024,7 теңге
Ұлттық сараптама орталығының есептік мәліметтері					
№	Қызмет түрі	Тартылатын қызметкерлер саны	Тартылатын техника саны	Талап етілетін сома	
1	Ғимаратты дезинфекциялау	1 адам	1 сағат	1 м2 үшін 260 теңге	
Жедел медициналық қызмет стансасының есептік мәліметтері					
№	Қызмет түрі	Тартылатын қызметкерлер саны	Тартылатын техника саны	Кезең	Талап етілетін сома
1	Мамандандырылған медициналық көмек бригадасының кезекшілігі	4 адам	1 бірлік	1 сағат 1 шақырым	2864 теңге
Тараз қаласы әкімдігінің қаржы бөлімінің есептік мәліметтері					
№	Қызмет түрі	Тартылатын қызметкерлер саны	Тартылатын техника саны	Кезең	Талап етілетін сома

1	Ғимаратты жалға беру	-	-	1 сағат	1 шаршы метр үшін 11,0 теңге
Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметінің есептік мәліметтері					
№	Қызмет түрі	Тартылатын қызметкерлер саны	Тартылатын техника саны	Кезең	Талап етілетін сома
1	Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жауынгерлік есебінің кезекшілігі	16 адам	5 бірлік	1 сағат	19880,1 теңге
Барлығы					36 098,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК